

5. Альянстың жұмыс тәртібі мен ұйымдастырылуы

7. Альянсқа басшылықты Альянс Төрағасы жүзеге асырады. Альянс Төрағасын және оның орынбасарын Институт ректоры тағайындайды.

8. Альянс құрамына Кеңес және Бизнес-мектеп кіреді.

9. Кеңес Институт әкімшілігі, студенттік өзін-өзі басқару және кәсіпкерлер құрамынан тұратын алқалы орган болып табылады.

10. Кеңес отырысын Альянс Төрағасы немесе оның орынбасары қажеттілігіне қарай жарты жылда бір реттен кем емес мерзімде шақырады.

11. Кеңес құзыреттілігіне жатады:

1) кеңес мүшелеріне үміткерлерді қарастыру;

2) институт студенттерінің қатысуымен кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

3) кеңес күн тәртібін және Бизнес-мектеп жұмыс жоспарының жобасын талқылау және бекіту;

4) кеңес және Бизнес-мектептің есептерін тындау.

12. Бизнес-мектеп, экономиканың нақты секторларының кәсіпкерлерін тарту арқылы білім беру қызметін жүзеге асыратын, Альянстың жұмыс органы болып табылады.

13. Бизнес-мектепті «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі басқарады. Кеңестің шешімі және Альянс Төрағасының тапсырмалары Бизнес-мектеп үшін орындауға міндетті болып табылады.

14. Бизнес-мектептің негізгі қызметтеріне жатады:

1) альянстың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

2) кәсіпкерлердің бизнес-дәрістеріне студенттердің қатысуы және кәсіпкерлердің өздерінің қатысуы бойынша мониторинг жүргізу, Бизнес-мектеп жұмысын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік және ақпараттық материалдарды жасау;

3) жұмыс жоспарының жобасын, қатысатын студенттердің тізімін, кәсіпкерлердің жұмыс кестесін олардың келісімі бойынша әзірлеу;

4) осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген номинациялар бойынша сертификаттар дайындау;

5) бизнес-мектепті ұйымдастыру аясында Институт факультеттерімен және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен өзара әрекеттестікте және үйлесімділікте қызмет ету.

15. Бизнес-мектеп Альянс алдында есеп береді.

Кәсіпкерлердің бизнес-дәрістерінің мазмұны осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген басым бағыттарға/номинацияларға сәйкес айқындалып, жоспар мен кесте арқылы іске асырылады.

16. Басым бағыттар/номинациялар:

1) агроөнеркәсіптік кешен;

2) металлургиялық кешен;

3) машина жасау және құрылыс материалдарын өндіру;

4) химиялық және жеңіл өнеркәсіп;

- 5) көлік инфрақұрылымы;
- 6) энергетикалық қауіпсіздік;
- 7) коммерциялық сауда.

6. Бизнес-мектеп тындаушыларын қабылдау тәртібі

17. Бизнес-мектеп тындаушыларының саны шектеулі, 25 студенттен артық емес.

18. Бизнес-мектепке тындаушыларды қабылдау студенттер арасында іріктеу бойынша жүзеге асырылады:

Бизнес-мектепке академиялық берешегі жоқ, сабақ үлгірімі «өте жақсы», «жақсы» бағаланған, Институт, қала және облыстың қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысатын студенттер ғана іріктеліп алынады.

Олар республикалық, облыстық, қалалық олимпиадаларға, байқауларға және әртүрлі іс-шараларға қатысқандығын куәландыратын құжаттармен (диплом, мақтау қағаздары, сертификаттар және т.б.) растаулары қажет.

19. Бизнес-мектеп курсы бітіргеннен кейін қатысушыларға жоғарыда көрсетілген номинациялар бойынша сертификаттар беріледі.

7. Шақырылған кәсіпкерлердің және мемлекеттік органдардың немесе қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бизнес-мектептің менторлары мен еріктілердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

20. Шақырылған кәсіпкерлер мемлекеттік органдардың немесе қоғамдық ұйымдардың өкілдері өз жұмысын Бизнес-мектеп жоспарына сәйкес ақысыз негізде орындайды.

21. Менторлар мотивацияланған студенттердің әлеуетіне және жеке бас қажеттіліктеріне негізделген, олардың көшбасшылық қабілеттерінің ашылуына және дамуына бағытталған, жаңа дәуір кәсіпкерлерін даярлауға септігін тигізу мақсатында формальды емес жетекшілік ету түрін жүзеге асырады. Менторлар ретінде РИИ факультеттер декандары қатысады.

22. Менторлардың міндеттері:

- РИИ құндылықтарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту;
- Бизнес-мектеп тындаушыларында кәсіпкерлік дағдыларды және көшбасшылық әлеуетті дамыту;
- студенттермен өз тәжірибесімен бөлісу;
- Бизнес-жоспар және стартаптар бойынша күрделі кәсіби және басқарушылық жағдайларында кеңес беру;
- студенттер үшін байланыс желісін кеңейту.

23. Еріктілер Бизнес-мектепте ерікті түрде тегін қоғамдық қызметпен айналысады.

24. Еріктілер міндеттері:

1. Бизнес-мектептің қоғамдық маңызды іс-шараларына ақысыз қатысу;
2. Басқа еріктілерге, іс-шара қонақтарына қатысты сыпайылық, мейірбандық және әдептілік көрсету;

3. Іс-шараларда еріктілер өзі бекітілген Бизнес-мектеп үйлестірушісіне бағынады;

4.Еркітілер қоғамдық тәртіп пен РИИ қауіпсіздік ережелерін сақтауға міндетті;

5.Бизнес-мектептің барлық іс-шаралары барысында еріктілер ішкі тәртіп талаптарына бағынуға және Бизнес-мектеп үйлестірушісінің нұсқауларын орындауға міндетті;

6.Қоғамда азаматтық ұстаным, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақтастық, өзара көмек және қайырымдылық сезімдерін қалыптастыру.

8. Альянс қатысушыларының құқықтары мен міндеттері:

25. Альянс қатысушыларының құқықтары:

- кеңестің қарауына ұсынылатын мәселелерді талқылауға қатысу;

- альянс қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

- кеңес шешімін қабылдағаннан кейін өз пікірін, ұсынысын және еркін көзқарасын айту;

- кеңес құрамынан өз еркімен шығу.

26.Альянс қатысушылары міндетті:

- институтта кәсіпкерлік сананы дамытуға;

- өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңдарына өзге де нормативтік - құқықтық актілерге, Институт актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асыруға;


- Альянстың басты мақсаты мен міндеттерін шынайы жүзеге асыруға белсенді қатысуға, оның идеясы мен қызметін насихаттауға;

- Альянс тапсырмаларын адал орындауға;

- осы Ереженің 11, 15 - тармақтарында қарастырылған қызметтерді орындауға.

КЕЛІСІЛДІ


ТЖ жөніндегі департамент директоры

 А.Ө. Есжанова

«14» 05 2019ж.

ӨЗІРЛЕГЕН

ЭжМ кафедрасы меңгерушісінің м.а.

 Д.С. Ахметов

«14» 05 2019 ж.